

А.К.ОСПАНОВА, А.М. ӘДІКЕЕВА

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет

«ҚАЗАҚСТАН -2050» СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДАҒЫ ДУАЛЬДАУ РЕФОРМАСЫ

Аннотация: Ғылыми мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы мен ҚР-ның «Білім туралы» заңындағы білім мен ғылым саласындағы жаңа инновациялық технологияны меңгерудегі қойған негізгі талаптарына тоқтала келе, осы процестің іске асу ерекшеліктері жан-жақты талданған. Сондай-ақ, өндірістік білім беруді дамытудағы әлем тәжірибесіне негізделген инновациялық оқыту: «Дуалдық жүйе» әдісін оқу орындарында қолданудың тиімді жақтары теориялық тұрғыда қарастырылған.

Кілттік сөздер: білім беру, инновация, инновациялық технология, стратегия, білім беру заңы, дуалдық жүйе, кәсіпорын, коллежд, университет.

ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы жолдауында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда «Қазақстан-2050» Стратегиясында: “Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек...” «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Мықты мемлекет экономикалық жедел өсу жағдайын қамтамасыз ету үшін аса маңызды болмақ» [1] деп, Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары дамыған 30 мемлекеттің дамуына кіру үшін нақты мақсаттар жүктеген болатын. Аталған бағыттардың табысты іске асырылуы ең алдымен, тек білімнің сапасымен анықталатыны белгілі. Осы негізде қазіргі таңда білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялау экономикалық дамудың басты бағытына айналды. Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – «білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр».

Инновациялық процестерді ендіру өзара байланыс негізінде анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдырды қажет етеді.

Білімді иновациялаудағы «Инновация» терминіне тоқталсақ: (лат. «novatio», «жаңарту» («өзгерту»), «in», «бағыттау», егер толық аудармасы «Innovatio» — «өзгеріске бағыттау») — «жаңару, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Бұл процесс адамзаттың интеллектуалдық қызметінің нәтижесімен, яғни ой-танымымен, шығармашылық жаңа ашылуларды ойлап табумен айқындалады. Сондай-ақ, «инновация» бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді [2]. Осы негізде жаңа технологияны игеру мен оны әлемдік тәжірибеден үлгі алып, өндіріс саласында қолдана білу білім саласының алдына жаңа міндеттерді жүктеп отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім берудің негізі мақсаты былайша айқындалады: «Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Болашақтың табысты экономикасы білім беруіне, халықтың дағдылары мен қабілетіне инвестициялайтындар болмақ. Білім беруді әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар ретінде ғана емес, экономикалық инвестициялар ретінде түсіну қажет. Білімге негізделген экономика және қоғам, өмір бойы оқыту – бәсекеге қабілеттілік пен жаңа технологияларды қолдану проблемаларын шешудің, әлеуметтік бірлікті, тең мүмкіндіктер мен өмір сапасын жақсарту тәсілдері болуы тиіс» [3] деп, қазіргі таңдағы қоғам мен мемлекеттің дамуы үшін

білімді дамытудың маңыздылығын айқындай отырып, білімді дамытуда бірнеше міндеткерліктер жүктейді.

Сондықтан да, соңғы жылдары еліміздің білім жүйесін жаңғырту мәселесі үнемі күн тәртібінен түспей, соның ішінде оқытудың мерзімі мәселесі қозғалып, орта білім жүйесін жаңа технологияға негізделген білім беру стандарттары мен жаңа бағдарламалары, оқулықтар жобасы жасалып, олар барлық деңгейде талданып келе жатыр. Орта білім саласындағы осы өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізіп, педагогикалық оқу орындары білім нәтижелерін осы тұрғыдан қарастыруға бағыт алуда.

Бүгінгі таңда білім беру саласында көптеген модернизациялар жүргізіліп жатыр. Орта білім берудің 12 жылдық моделі, кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнының жаңартылуы, электронды оқыту, зияткерлік мектептер арқылы жоғары оқу орындарына дарынды шәкірттер дайындау, жоғары оқу орындарына қойылатын жаңа талаптар, магистрлар мен PhD докторларды дайындау арқылы университеттік білімді жаңа деңгейге көтеру бірқатар инновациялық жобаларға бастама болып, инновациялық оқыту әдісі кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан, қазіргі таңдағы білімді одан әрі дамытуды қажет ететін ауқымды жобалар мен әлем тәжірибесіне негізделген инновациялық білім берілуі тиіс. Оның негізгі мақсаты- Қазақстан Республикасындағы практикалық маңызы бар ғылым мен білімді дамытудың басым бағытына сәйкес келетін инновациялық жобаларды іріктеу, аймақтағы ғылыми-зерттеулерді дамыту және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ғылым мен білім жетістіктерін пайдалану болып отыр.

Қазір жаһандану дәуірінде интеграциялық процестердің қарқынды дамып үстінде. Сондықтан ұлттық білім саласы әлемдік білім кеңістігіне кірігусіз дербес дами алмайтынын бүгінгі қоғам дәлелдеп отыр. Жаңа ғасырдың шынайы кілті саналатын сол жаһандану білім саласына мықтап еніп. Соның негізінде әлемдік экономиканың интеграциялануы, жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы кең қанат жайды [5]. Сондықтан, білім саласын модернизациялауда ұлттық инновациялық жүйені жасау адам іс-әрекетінің жаңа ғылыми және кәсіби бағыттарын айқындауды көздей отырып, кадрлар дайындаудың мамандандырылған жүйесін іске асыруды талап етеді.

Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында кәсіптік білімді дамытудың маңыздылығын айқындай келе, білім саласына қатаң тапсырма жүктеген болатын: «Үкіметке 2013 жылдан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді тапсырамын. Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Көп жағынан бұл халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп береді. Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет» [3] осы негізде кадрларды дайындаудың мамандандырылған жүйесін жасауда ғылыми техникалық прогрестің қазіргі деңгейін ескере отырып, білім беру саласына қойылатын жоғары халықаралық талаптарды да қанағаттандыру мақсатында еліміздің мұнайлы аймақтарында, кәсіптік-техникалық білім беру саласына жаңа жүйе — дуальды оқыту әдісі енгізіліп, осыған орай, қазіргі қоғамға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде, дуальдау оқыту жүйесін ендіру осы салада нақты біліктілігі мен мамандығы бар кадрларға деген сұранысты арттырады деп болжам жасалуда.

Оқытудың дуальдау жүйесі дегеніміз не соған аныққатама берсек: Дуальдау оқыту жүйесінде кәсіптік білім беру- өнеркәсіп өміріне дайындық жүргізу үшін білім алушының теориялық және практикалық дағдысын қалыптастыру мақсатында жүргізілетін негізгі оқыту жүйесі болып табылады [4]. Дуальды оқыту әдісі әлемнің көптеген ірі дамыған мемлекеттерінде мысалы, Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция, Англия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерінде жоғары нәтиже беріп жүргізіліп келеді. Яғни білім алушыны жан-жақты дайындау. Сонымен қатар, еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесін шешу, жас білім алушының жаңа технологияны меңгере отырып, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай жұмыс күшін қалыптастыру. Сондықтан, дуальды оқыту жүйесі өнеркәсіп саласына қажетті мамандарды даярлау мәселесін толық қанағаттандыратын негізгі жүйенің бірі болып табылады. Сондай-ақ, дуальды оқыту жүйесі арқылы, білім беру мен кәсіпорын арасында тығыз байланыстың орнауына да үлкен септігін тигізеді [5]. Осыған орай, бұл оқыту жүйесінің тиімділігі жан-жақты талқыланып, білім және ғылым министрлігінің шет елдердің тәжірибелерін зерттей келе, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне енгізу басшылыққа алынды. Сондай-ақ, дуальды жүйенің басымдығы оқытудың өндіріспен тығыз байланысын орнап, қазіргі таңда елімізге осы жүйе қолданысқа ене бастады.

Әр оқу ордасы әр сала бойынша дуальдық жүйені қолдануға мүмкін болатын мамандықтарды анықтап, оқытушылар мен өндірістік оқытуды кеңінен қолдану барысында 2011-2012 оқу жылы

аралығында жұмыс берушілер мен оқу орындары арасында оқушылардың өндірістік тәжірибеден өтуі үшін 591 келісім жасалып, жүзеге асырылған. Бұл процестен байқайтынымыз дуальдау оқыту жүйесі арқылы жас мамандарды жұмысқа көптеп тарту және оқу процесі аяқталғаннан кейінгі жұмыспен қамтылуына да жағдай жасайтын тиімді жағын байқауымызға болады.

Дуальдау реформасының негізгі жүзеге асырылындағы негізгі бастама:

Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызы зор. Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет» [6] — деп, бұл оқыту жүйесінің техникалық салада алар орнынын айқындап берген болатын. Сондай-ақ, колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеген. Осыған байланысты елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласында жаңа жүйе жасалына бастады.

Дуальды жүйенің негізі — болашақ жас маманның оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғарылату. Дуальды жүйе бойынша білім алған колледж түлегі жұмыссыз қалмайды. Өйткені теория мен тәжірибені ұштастыру нәтижесінде, оқушы оқу бағдарламасын жақсы меңгереріп қана қоймай нағыз дайын маман болып, жұмыс берушілердің сұраныстарына, талаптарына сай кәсіптік-техникалық кадрлар даярлайтын болады және дуальды оқыту әдісінің тағы бір ерекшелігі — еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға тек білім мекемелерінің ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады [7] (Сызба №1).



Бұл оқыту жүйесі Батыс Қазақстан аумағы бойынша жоғары бағытта іске асып отыр. Оған басты себеп, мұнай, газ өңдеу кәсіпорындары көбінесе осы аймақтарда орналасқандықтан, өндіріс саласын дамыту мақсатында, 2013 жылдан бастап, Ақтөбе қаласындағы бес колледжде пилоттық жоба қолға алыну жоспарланған. Бұл бес колледждің бесеуінің де әлеуметтік серіктестері бар. Білім және ғылым министрлігі, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы және Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжі үшжақты келісімге қол қойды. Соның нәтижесінде, аталған колледждің үш мамандығы бойынша («Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару», «Темір жол қозғалысында автоматика, телемеханиканы басқару», «Темір жол жылжымалы құрылымдарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету») білім алатын оқушылар үшін дуальды оқыту әдісі ұйымдастырыл қарастырылған. Яғни оқушылар оқу орнымен

қатар «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының облыстық филиалында тәжірибе сабақтарын өткізеді. Тәжірибе сабақтары теориялық сабақтардан көбірек өткізілу жоспарланған [8].

Дуальды оқыту әдісіндегі ерекшеліктердің бірі оқу орындары өздеріне әлеуметтік серіктес табуы керек. Оқушылар тәжірибе сабақтарын өткізуі үшін мамандықтарға сай келетін кәсіпорындармен келісімшартқа отыруы тиіс. Осы жүйе бойынша білім алған студенттердің көпшілігі комбинатқа жұмысқа орналасуға мүмкіндігі бар.

Дуальды жүйені оқу процесіне енгізу мақсатында елімізде әлемнің жетекші кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерімен ынтымақтастық дамытылып жатыр. Халықаралық ынтымақтастықтың нәтижесінде Қазақстанның оқытушылары Германия, Сингапур, Канада елдерінің кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарында тәжірибе алмасулар дами бастады. Сондай-ақ, дуальдау оқыту жүйесінің әдіс-тәсілдерін дамыту мақсатында «Қазақстан Республикасында кәсіптік-техникалық білім беруді қолдау» жобасы аясында еліміздің әр өңіріндегі кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарының 20 оқытушысы Германияға барып, білімдерін осы сала бойынша жетілдіріп келді [7].

Дуальдау оқыту реформасын табысты жүргізіп келе жатқан елдердің бірі – Германия мемлекеті болып табылады. Сол себепті, осы елдің тәжірибесіне тоқталсақ, Германияда білім сапасы өте жоғары. Дуальдау жүйесі бойынша, егер оқу орны оқушыларға сапалы білім бермесе, онда әлеуметтік серіктестік мекемелері ол оқу орнымен келесі оқу жылына келісімшарт жасамайды. Оқу орындары мекеме алдында бітіруші болашақ маманның білім сапасына жауап береді. Жаңадан жұмысқа қабылданған оқу орнының бітірушісі туралы, мекемедегі мамандар арнайы келіп, сол оқушы бойынша толық ақпарат алуға құқы бар. Себебі, ол мекеме мен оқу орны арасында байланыс орнаған. Мекеме басшылары белгілі біруақыт аралығында педагогикалық кеңестерге қатысып отырады. Сондай-ақ, жоғары білімі бар мамандар кәсіптік мектептерге сабақ беруге жіберілмейді және 1,5 жыл көлемінде референтурада оқиды. Референтурада оқушылармен жұмыс жасаудың, сабақ берудің түрлі әдістемелері үйретіледі.

Оқушылар топтастырылып оқытылады. Кәсіпорын мамандарының қатысуымен жаңа жобалады талқылау мақсатында, шешімін табуға тиіс ортақ мәселелер бойынша өзара жиындар, конференциялар жиі өткізіліп тұрады. Кәсіптік мектеп шеберханаларында жаңа технологиядағы станоктар мен машина-механизмдер қойылған. Бұл жерде де өндірістің оқу орындарына деген сұранысы мен талабы жоғарылығы оқыту жүйесінің табысты нәтиже беруіне өз септігін тигізеді.

Оқу орталықтары жүйелі түрде жұмыс жасай отыра жаңа инновациялық технологиялық талаптарға сай жабдықталған. «Кәсіптік білім беретін оқу орындарының материалдық жағдайы жақсармай, сапалы мамандар даярлау мүмкін емес» деген түсінік қалыптасқан [9]. Әлемдік тәжірибеден байқайтынымыз әлемдегі жетекші оқу орындарымен халықаралық байланысты нығайта отырып, оқытушылардың дамыған шет елдерде білімдерін жетілдіруінің еліміздің кәсіптік-техникалық білім беру саласын жаңғыртуда пайдасы зор екендігін көрсетеді.

Қорытындылай келе, әлемдік тәжірибеден алынған бұл оқыту жүйесінің тиімді жақтарының көп екендігін байқауымызға болады. Оған басты себеп, ел экономикасын көтеруде техникалық мамандықтағы жоғары технологияны меңгерген мамандар азшылық етуде, сондай-ақ, қоғамдағы жұмыссыздық мәселесінің шешуде де алар орны ерекше. Білімді де, білікті маман қалыптастыру талабы білім берудің мазмұнын өзгертуді, білімді тасымалдау негізінде беруді емес, білім алу жолдарын игертудің маңыздылығын алға тартып отыр. Яғни, әр адам қоғамнан өз орнын бағдарлай алуы, өзіне қажетті білім алатын ортаны, білім мазмұны мен қажет пәндерді таңдай білуі тиіс. Осыған сай, оқытудың сипаты да өзгеріп, оны негізінен білім алушылардың өздерін ұйымдастыруға бағыттау қажеттігі туындайды.

Жастардың табысты еңбек етуі төмендегі факторлармен тығыз байланысты: біріншіден, бүгін білім алу көзі кеңейіп, өз бетімен оқимын деушілерге мол мүмкіндік туып отыр; екіншіден, білім әлемінде өз жолын тауып, өздігінен білім алуға ұмтылыс жасау; үшіншіден, адамның өзіндік қызығушылығы, түрлі мотивтері болуы; төртіншіден, жұмыс істейтін орында оның үнемі даму үстінде болуына жағдай жасалуы.

Президент Н.Ә. Назарбаев : «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер.....Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш» [10] деп жастарға зор үміт артады. Сондықтан, қазіргі таңдағы білім алуға басты мақсат мақсат қандай дегенге тоқталар болсақ: жастардың өз елінің нағыз

патриоты бола отырып, өз елінің дамып, әлемдік аренада өз орнын айқындайтындай мемлекетке айналуына септілігін тигізетін, жаңа технология меңгерген, қоғамға адал қызмет ететін тұлға болып қалыптасу.

Әдебиет

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012.№ 106 (28143) -6-7 б.
2. Азгальдов Г. Г., Костин А. В. Интеллектуальная собственность, инновации и квалиметрия // Экономические стратегии, 2008. — № 2 (60). — С. 162-164.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 –2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2010. -52-54 б.
4. T. Deissinger. Dual System // International Encyclopedia of Education (Third Edition) 2010, Pages 448–454
5. Peter Damlund Koudahl. Vocational education and training: dual education and economic crises // Procedia - Social and Behavioral Sciences Volume 9, 2010, P. 1900–1905
6. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан, 10 шілде, 2012. № 97 (28456) -6-7 б.
7. Г. Базылқызы. Әлемдік тәжірибе: дуальды оқыту әдісі // <http://i-news.kz/news/2013/02/21/6895375.html>. 06.03.2013. -4-5 б.
8. Б.Ж. Унайбаев. Дуальная модель профессионально-технического образования // <http://forum.eitiedu.kz/index.php/2012/01/04/dualnaya-model-p-t-obrazovaniya/> 10.03.2013. -5-6 б.
9. John Hattie, Boaz Shulruf, Rolf Turner. A Dual admission model for equity in higher education: a multi-cohort longitudinal study // Procedia - Social and Behavioral Sciences Volume 1, Issue 1, 2009, Pages 2416–2420
10. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан, 2012.№ 106 (28143) -6-7 б.

MODERNIZATION OF EDUCATION IN THE STRATEGIC PROGRAM «KAZAKHSTAN -2050» AND DUAL REFORM

A.K. OSPANOVA, A.M. ADIKEYEVA

The scientific article deals with a strategy program “Kazakhstan - 2050” of the President of the Republic of Kazakhstan and basic requirements of mastering a new innovative technology in the sphere of education and science in the Law of Education in the Republic of Kazakhstan and analyses realization of this process from many sides. Also it theoretically considers effective sides of the education method “Dual system” in educational institutions which is innovative education in development of industrial training based on the world experience.

ДУАЛЬНАЯ РЕФОРМА И ЕЕ МОДЕРНИЗАЦИЯ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПО ПРОГРАММЕ СТРАТЕГИЯ «КАЗАХСТАН -2050»

A.K. OSPANOVA, A.M. ADIKEEVA

В статье рассматривается стратегия программы Президента Республики Казахстан «Казakhstan - 2050» и основные требования в освоении новых инновационных технологий в сфере образования и науки. С теоретической точки зрения рассматриваются эффективные стороны метода "Двойная система" на основе мирового опыта в развитии производственного обучения в образовательных учреждениях.